

**Мемлекет мүддесін қамтамасыз ету және мемлекеттік бақылау пакет акциялары бар жекелеген акционерлік қоғамдар мен "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қызметін ретке келтіру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1998 жылғы 18 маусымдағы N 116-ө

Мемлекет мүддесін қамтамасыз ету және мемлекеттік бақылау пакет акциялары бар жекелеген акционерлік қоғамдар мен "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қызметін ретке келтіру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қатысты, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті "ҚазақОйл" ұлттық мұнайгаз компаниясы", "ҚазТрансОйл" ұлттық мұнай құбыры компаниясы", "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық акционерлік компаниясы", "KEGOC", "Эйр Қазақстан", "Мемазық-түліккорпорациясы" акционерлік қоғамдарына қатысты заңда белгіленген тәртіппен:

аталған ұйымдардың инвестициялық бағдарламалары, қарыз алу жоспарлары мен тарифтік саясатты белгілеу жөніндегі тәсілдері (ұйымдар-табиғи монополистер үшін) орта мерзімді индикативтік даму жоспарларын (3-4 жылға) әзірлеуді;

әзірленген жоспарларды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісуді;

келісілген жоспарларды мақұлдау үшін 1998 жылдың 10 шілдесіне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынуды;

мақұлданған жоспарларды бекітуді қамтамасыз етсін.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

Премьер - Министр